

БЕКІТІЛДІ

**«Basel» сақтандыру компаниясы АҚ
Директорлар кеңесі
2024 ж. «10» қаңтар №01/24 хаттама**

**«BASEL» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ
КӨЛІК ҚҰРАЛЫ ИЕЛЕРІНІҢ
АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН
МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы, 2024 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы қағидалар
2. Сақтандыру объектісі
3. Азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандыруға тиісті тұлғалар
4. Сақтандыру тәуекелі. Сақтандыру жағдайы
5. Сақтандыруды шектеу. Сақтандыру жағдайларынан алып тастау
6. Сақтандыру шартын жасау тәртібі
7. Стандартты шарт
8. Кешенді шарт
9. Сақтандыру сыйақысы және оны төлеу тәртібі
10. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
11. Келтірілген залал көлемін және сақтандыру төлемін анықтау
12. Өміріне, денсаулығына зиян келтірілген жәбірленушілер болмаған жағдайда көлік оқиғасы орын алған кездегі тараптардың іс-әрекеті.
13. Сақтандыру жағдайының болғанын және залал көлемін растайтын құжаттар тізімі. Ақпараттық өзара іс-қимыл.
14. Сақтандыру төлемінің көлемін анықтау
15. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың жалпы талаптары мен тәртібі
16. Тікелей реттеу
17. Зиян келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы
18. Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату үшін негіздеме
19. Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі және аумағы
20. Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату
21. Сақтандыру шартын электронды түрде жасасу және Сақтандыру жағдайларын реттеу тәртібі
22. Дауларды қарау тәртібі

1. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

- 1.1. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың осы ережелері (бұдан кейін – Ережелер) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2003 жылғы 1 шілдедегі № 446-II «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңына (бұдан кейін – Заң) сәйкес әзірленді.
- 1.2. Ережелерге сәйкес «Basel» сақтандыру компаниясы акционерлік қоғамы ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшелерінде тіркелген (мемлекеттік тіркелуге тиісті) немесе Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген (әкелінген) жеңіл, жүк машиналардың, автобустардың, микроавтобустардың және олардың базасында құрылған көлік құралдарының, мотокөлік және олардың тіркемесі (жартылай тіркемесі), сондай-ақ трамвайлар мен троллейбустардың иелерімен (бұдан кейін «Көлік құралдары иелері» деп аталады) азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру шарттарын жасайды.
- 1.3. Ережелерде қолданылған негізгі түсініктер:
- 1) **бағалаушы** – бағалаушы палатасы «бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәлік негізінде кәсіби қызметін жүзеге асыратын және бағалаушылар палаталарының біреуінің мүшесі болып табылатын жеке тұлға;
 - 2) **«бонус-малус» жүйесі** – сақтандыру жағдайларының болуына немесе болмауына қарай тиісті топты белгілей отырып, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша төленуге тиісті сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеген кезде сақтанушыға (сақтандырылушыға) сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен арттыру немесе төмендету коэффициенттерін қолдану арқылы пайдаланылатын жеңілдіктер мен үстемеақылар жүйесі;
 - 3) **жәбірленуші** – көлік құралын пайдалану нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне залал келтірілген тұлға;
 - 4) **жолаушы** – тасымалдаушымен ауызша немесе жазбаша нысанда тасымалдау шартын жасасқан жеке тұлға;
 - 5) **кешенді шарт** – сақтандыру полисінде көрсетілген екі немесе одан да көп көлік құралының иесі болып табылатын жеке тұлға жасайтын және тек бір сақтандырылған жеке тұлғаға қатысты қолданылатын көлік құралы иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты;
 - 6) **көлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі** – жеке және заңды тұлғалардың көлік құралын жоғары қауіп-қатер көзі ретінде пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына

және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы белгіліген тәртіпте өтеу міндеті;

- 7) **көлік құралын пайдалану** – көлікті қатынас құралы ретінде жол бойында, оған жанасып тұрған жайландырылған немесе бейімделген және көлік құралдарының қозғалысы үшін қолданылатын аумақтарда пайдалану;
- 8) **көлік құралының иесі** – меншік құқығы, шаруашылық басқару құқығы немесе жедел басқару құқығы не кез келген басқа заңды негізде (мүлікті жалдау шарты, көлік құралын тапсыру туралы уәкілетті органның нұсқаулығы себепті) көлік құралын иеленген жеке немесе заңды тұлға;
- 9) **көлік оқиғасы** – көлік құралын пайдалану барысында немесе оның қатысуымен орын алған оқиға (соның ішінде жол-көлік оқиғасы), сондай-ақ көлік құралынан бөлініп кеткен бөлшектер және оның үстіндегі жүктің қозғалысы нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген залал;
- 10) **пайда алушы** – заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы тұлға;
- 11) **сақтандыру жағдайы** – орын алған оқиға, сақтандыру шарты бұл жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қарастырады;
- 12) **сақтандыру омбудсманы** – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметі бойынша тәуелсіз жеке тұлға;
- 13) **сақтандыру сомасы** – міндетті сақтандыру объектісі сақтандырылған, сақтандыру жағдайы болған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін көрсететін ақша сомасы;
- 14) **сақтандыру сыйлықақысы** – объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген көлемде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін алғаны үшін сақтандырушыға сақтанушы төлеуге тиісті ақша сомасы;
- 15) **сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтандыру сомасы шегінде сақтандырушының пайда алушыға төлейтін ақша сомасы;
- 16) **сақтандырушы** – сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтанушыға немесе басқа тұлғаға (пайда алушыға) шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) көлемінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті, сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар «Basel» сақтандыру компаниясы АҚ;
- 17) **сақтандырылушы** – бұл тұлғаға қатысты сақтандыру жүзеге асырылады;
- 18) **сақтанушы** – сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Егер сақтандыру шарты басқадайды қарастырмаса сақтанушы бір мезгілде сақтандырылушы да болып табылады;

- 19) **стандартты шарт** - сақтандыру полисінде көрсетілген көлік құралының иесі болып табылатын, жеке немесе заңды тұлға жасайтын және бір немесе бірнеше сақтандырылған тұлғаларға қатысты қолданылатын көлік құралы иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты;
- 20) **тікелей реттеу** – сақтандыру төлемін жүзеге асыру механизмі, бұл ретте көлік оқиғасында жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеуді жәбірленуші көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушы осы Ережелерге және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жауапкершілік көлемі ішінде жүзеге асырады;
- 21) **жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган)** – жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында басшылықты өз құзыреті шегінде және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган және оның облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы аумақтық бөлімшелері;
- 22) **уәкілетті орган** - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган. **дерекқорды қалыптастыру және жүргізуді қадағалайтын ұйым** – Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» заңының және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлері бойынша заңнамалық актілерінің негізінде азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың міндетті түрлері бойынша дерекқорды қалыптастыру мен жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттің қатысуы бар бейкомерциялық ұйым;

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1. Көлік құралы иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың (бұдан кейін – көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру) объектісі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы белгілеген, сақтандырылушының жоғары қауіп-қатер көзі ретіндегі көлік құралын пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу міндетімен байланысты оның мүлдіктік мүддесі болып табылады.

3. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУЫ ТИІС ТҰЛҒАЛАР

- 3.1.** Азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандыруға тиіс келесі көлік иелері:
- 1) жеңіл, жүк автомобилі, автобус, шағын автобус және олардың негізінде құрылған көлік құралдары, мототранспорт және олардың тіркемесі (жартылай тіркемесі), жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін уәкілетті органның бөлімшелерінде тіркелген (мемлекеттік тіркелуге тиісті), сондай-ақ трамвай мен троллейбус;
 - 2) Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген (әкелінген);
 - 3) өндіруші ұйымдардан, жөндеу және сауда ұйымдарынан, кедендік бақылау органдарынан тіркелетін жерге өз жүрісімен жеткізілетін, осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген, сондай-ақ көлік иесінің мекенжайының өзгеруіне немесе меншік құқығының ауысуына байланысты жол полициясы органдарының бөлімшелері есептен шығарған көлік құралдары.
- 3.2.** Көлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі өзі пайдаланып жүрген көлік құралының әрбір бірлігі бойынша сақтандырылуы тиіс. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартын жасасу көлік құралы иесін көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттен босатпайды.
- 3.3.** Көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықаралық қозғалыста деп есептелетін жағдайларды қоспағанда, көлік құралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелерінде мемлекеттік тіркеуге және есепке алуға тиісті емес көлік құралдары (трамвайлар мен троллейбустарды қоспағанда) иелері көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасамайды.

4. САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- 4.1.** Сақтандыру тәуекелі ретінде көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында (бұдан кейін – Сақтандыру шарты деп аталады) көрсетілген сақтандырылған көлік құралын пайдалану нәтижесінде жәбірленуші деп мойындалған тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу бойынша сақтандырылушының жауапкершілігінің тәуекелі болып табылады.
- 4.2.** Сақтандыру шартында көрсетілген көлік құралын сақтандырылушының пайдалануы нәтижесінде жәбірленушілер деп танылған тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу

бойынша сақтандырылушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің орын алу фактісі сақтандыру жағдайы деп танылады.

5. САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНА КІРМЕТҮІН ЖАҒДАЙЛАР

- 5.1.** Қазақстан Республикасының аумағына басқа мемлекетте тіркелген көлік құралы кірген жағдайда, егер көлік құралының иесі сол мемлекет пен Қазақстан Республикасының арасында жасалған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасында танылатын көлік құралы иелерінің жауапкершілігін сақтандыру шартын жасаған болса, сақтандыру шарты жасалмайды.
- 5.2.** Көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықаралық қозғалыста деп есептелетін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелерінде мемлекеттік тіркеуге және есепке алуға жатпайтын көлік құралдары (трамвайлар мен троллейбустарды қоспағанда) иеленушілер сақтандыру шартын жасамайды.
- 5.3.** Қызмет немесе еңбек міндеттерін атқару үшін, сонымен қатар көлік құралының иесімен еңбек немесе басқа да шарт негізінде, немесе көлік құралы иесінің қатысуымен шартты жазбаша ресімдемей-ақ оның ерік білдіруі негізінде, көлік құралын басқаратын тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандыруға жатпайды.
- 5.4.** Төмендегілерді қоспағанда, сақтандыру шарты Заңға сәйкес жәбірленуші болып танылан, сонымен қатар залал келтіруге кінәлі болатын сақтанушының (сақтандырылушының) көлік құралында болған барлық тұлғаларға қатысты қолданылады:
- 1) қызмет немесе еңбек міндеттерін атқару үшін, сонымен қатар көлік құралының иесімен еңбек немесе басқа да шарт негізінде, немесе көлік құралы иесінің қатысуымен шартты жазбаша ресімдемей-ақ оның ерік білдіруі негізінде, осы көлік құралын жүргізетін тұлға;
 - 2) жолаушылар, егер сақтандырушы (сақтандырылушы) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінің талаптары қолданылатын тасымалдаушы болса;
 - 3) сақтандырушының (сақтандырылушының) жұмысшылары, егер жұмысшылар өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін атқару барысында олардың денсаулығы мен өміріне залал келтіруден өзінің жауапкершілігін сақтандыру міндеті Қазақстан Республикасының

заңнамалық актілері арқылы сақтандырушыға (сақтандырылушыға) жұмыс беруші ретінде жүктелген.

- 5.5.** Көлік құралдарын міндетті техникалық байқаудан өткізетін орындарда және жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ететін уәкілетті органдардың тіркеу бөлімшелерінде көлік құралы иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты аталған орындарда қаржылық қызмет көрсететін сақтандыру компанияларының агенттік қызметтерін жүргізетін ұйымдармен ғана жасалады.

6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

- 6.1.** Көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру Заң мен осы Ережелерге сәйкес сақтандырушы мен сақтанушы арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.
- 6.2.** Көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының сақтандыру полисін электрондық нұсқада ресімдеуі арқылы жасалады.
- 6.3.** Шарт жасау негізі – сақтандыру сыйақысын есептеуге және сақтанушы, сақтандырылушыны сәйкестендіруге қажетті ақпаратты қамтитын сонымен қатар сақтанушының сақтандыру шарттарымен танысқаны туралы белгісі бар сақтанушының өтініші болып табылады.
- 6.4.** Сақтандыру шарты сақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жүгіну не сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы жасалуы мүмкін.
- 6.5.** Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде тіркелген (мемлекеттік тіркелуі тиіс) көлік құралдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық қозғалыста жүрмеген көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуға жол берілмейді.
- 6.6.** Сақтандыру шартын электрондық түрде жасаған кезде сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпарат ресурстарын алмасу үшін сақтандырушының интернет-ресурсы пайдаланылады.
- 6.7.** Сақтандыру шартында басқаша көрсетілмесе, сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалану арқылы көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасағанда сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысы бөліп төленетін жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген уақыттан бастап бұл сақтандыру шартын сақтанушы сақтандырушының ұсынған талаптарын қабылдай отырып жасады деп есептеледі.
- 6.8.** Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалану арқылы сақтандыру шартын жасағанда сақтанушы сақтандыру сыйақысын (сақтандыру

сыйлықақысы бөліп төленетін жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) Заңда белгіленген сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін төлейді. Осы арқылы ол өзіне ұсынылған талаптарда осы шартты жасауға келісімін білдіреді.

- 6.9.** Сақтандырушы өзінің интернет-ресурсын пайдалану арқылы көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау мүмкіндігін тәулік бойы қамтамасыз етеді.
- 6.10.** Сақтандыру шарттары келесідей түрлерге бөлінеді:
- 1) стандартты;
 - 2) кешенді.
- 6.11.** Егер сақтандырушы сақтандыру шартын сақтанушы (сақтандырылушы) немесе жәбірленушінің жағдайын Заңда көрсетілгенге қарағанда нашарлататын талаптар негізінде жасаса, онда сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандырушы сақтанушы (сақтандырылушы) және жәбірленуші алдында Заңда белгіленген талаптар негізінде жауапкершілікке тартылады.
- 6.12.** Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді жеке тұлға бір жолғы төлем ретінде жүргізеді.
- 6.13.** Сақтандыру полисіне өзгертулер мен толықтыруларды енгізуге болмайды.

7. СТАНДАРТТЫ ШАРТ

- 7.1** Стандартты шарт бойынша көлік құралының бір немесе бірнеше иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырыла алады.
- 7.2** Стандартты шарт сақтандырушының сақтанушыға (сақтандырылушыға) пайдаланылатын әр дана көлік құралына жеке сақтандыру полисін беру арқылы жасалады.
- 7.3** Сақтандыру полисінде сақтанушы (сақтандырылушы, сақтандырылушылар) және пайдаланылатын көлік құралы туралы мәліметтер болу керек.
- 7.4** Стандартты шарт бойынша сақтанушының (сақтандырылушының) өзі үшінші тұлғаларға залал келтіруі нәтижесінде немесе төменгі жағдайларда туындаған сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылды деп есептеледі:
- 1) сақтанушының (сақтандырылушының) қатысуымен көлік құралын жүргізуге құқығы бар тұлғаның көлікті жүргізуі;
 - 2) жазбаша түрде ресімделген, сақтанушымен (сақтандырылушымен) жасасқан еңбек немесе басқа да шарт негізінде тұлғаның көлік құралын жүргізуі;

- 3) егер келтірілген залал үшін жауапкершілік сақтанушыға (сақтандырылушыға) жүктелген болса, көлік құралын құқыққа қайшы жолмен иеленген тұлғаның көлік құралын жүргізуі.

8. КЕШЕНДІ ШАРТ

- 8.1.** Кешенді шарт бойынша екі немесе одан да көп көлік құралының иесі болып табылатын жеке тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырыла алады.
- 8.2.** Кешенді шарт пайдаланылатын барлық көлік құралдарына жасалады.
- 8.3.** Сақтандыру полисінде сақтанушы (сақтандырылушы) – жеке тұлға мен ол пайдаланатын көлік құралдары туралы мәлімет болу керек.
- 8.4.** Кешенді шарт бойынша сақтанушының (сақтандырылушының) өзі үшінші тұлғаларға залал келтіруі нәтижесінде немесе төменгі жағдайларда туындаған сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылды деп есептеледі:
- 1) сақтанушының (сақтандырылушының) көзінше көлік құралын жүргізуге құқығы бар тұлғаның көлікті жүргізуі;
 - 2) келтірілген залал үшін жауапкершілік сақтанушыға (сақтандырылушыға) жүктелген болса, көлік құралын құқыққа қайшы жолмен иеленген тұлғаның көлік құралын жүргізуі.

9. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

- 9.1.** Сақтандыру шартын жасаған кезде төленуі тиіс бір жылдық сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін базалық сақтандыру сыйақысы қолданылады, оған көлік құралының тіркелген орнына, көлік құралының үлгісіне, сақтанушының (сақтандырылушының) жасына және көлік жүргізу өтіліне, көлік құралын пайдалану мерзіміне және азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған («бонус-малус» жүйесі) тұлғалардың кінәсі бойынша сақтандыру жағдайларының болуы-болмауына байланысты осы баптың 9.3-9.11-тармақтарында белгіленген коэффициенттер қолданылады. Қағидалардың 9.17-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін азайтуға немесе ұлғайтуға жол берілмейді.
- 9.2.** Базалық сақтандыру сыйлықақысы 1,9 айлық есептік көрсеткіш көлемінде белгіленеді.

9.3. Көлік құралының тіркелу аумағы бойынша коэффициенттер келесі көлемде айқындалады:

№ п/ п	Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы	Көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенттің көлемі (астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін)
1.	Алматы облысы	1,78
2.	Түркістан облысы	1,01
3.	Шығыс Қазақстан облысы	1,96
4.	Қостанай облысы	1,95
5.	Қарағанды облысы	1,39
6.	Солтүстік Қазақстан облысы	1,33
7.	Ақмола облысы	1,32
8.	Павлодар облысы	1,63
9.	Жамбыл облысы	1,00
10.	Ақтөбе облысы	1,35
11.	Батыс Қазақстан облысы	1,17
12.	Қызылорда облысы	1,09
13.	Атырау облысы	2,69
14.	Маңғыстау облысы	1,15
15.	Абай облысы	1,96
16.	Ұлытау облысы	1,39
17.	Жетісу облысы	1,78
18.	Алматы	2,96
19.	Астана	2,2
20.	Шымкент	1,01

9.4. Осы баптың 9.3-тармағында көрсетілген басқа қалалар және облыстағы елді мекендер үшін жылдық сақтандыру сыйақысын есептеу үшін 0,8 мөлшеріндегі түзету коэффициенті қосымша пайдаланылады.

9.5. Көлік құралының Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген жағдайында тіркеу аумағы бойынша 4,4 мөлшерінде коэффициент қолданылады.

9.6. Осы Ережелердің 3.1-тармағының 3) тармақшасында қарастырылған жағдайлар үшін көлік құралының тіркеу аумағы бойынша коэффициенттер қолданылмайды.

9.7. Көлік құралының түрлері бойынша коэффициенттер келесі мөлшерде белгіленеді:

№ п/ п	Көлік құралының түрі	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің нормативтік-	Көлік құралының түрі бойынша
-----------------------	---------------------------------	---	---

		құқықтық актілеріне сәйкес классификациялау	коэффициент көлемі
1.	Жеңіл көлік	«В» - толық массасы 3500 кг-нан аспайтын және жүргізуші орнынан бөлек отыратын орын саны 8-ден артық емес автокөліктер.	2,09
2.	16-ны қоса санағанда жолаушы орны бар автобустар	«Д» - жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізуші орнынан бөлек 8-ден артық отыруға арналған орындары бар автокөліктер	3,26
3.	16-дан артық жолаушыларға арналған орын бар автобустар	«Д» - жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізуші орнынан бөлек 8-ден артық отыруға арналған орындары бар автокөліктер	3,45
4.	Жүк көліктері	«С» - толық массасы 3500 кг-нан асатын жүк автокөліктері	3,98
5.	Троллейбустар	Троллейбустар, трамвайлар	2,33
6.	Мотокөлік	«А» - мотоциклдер, мотороллерлер және басқа да мотороллерлік құралдар	1,00
7.	Тіркемелер (жартылай тіркемелер)	«Е» - «В», «С» немесе «Д» көлік құралдары категорияларына жатқызылатын тартқыштары бар көлік құралдарының құрамы	1,00

9.8. Жасына және жүргізу өтіліне байланысты жеке тұлғалар үшін коэффициенттер келесі мөлшерде белгіленеді:

№ п/ п	Жасы және жүргізу өтілі	Жасына және жүргізу өтіліне байланысты коэффициент мөлшері
1.	25 жастан кіші/жүргізу өтілі 2 жылдан кем	1,10
2.	25 жастан кіші / жүргізу өтілі 2 жылдан артық	1,05
3.	25 жаста және одан үлкен/ жүргізу өтілі 2 жылдан кем	1,05
4.	25 жаста және одан үлкен/ жүргізу өтілі 2 жылдан артық	1,00

9.9. Заңды тұлғалар үшін осы баптың 9.8. тармағында қарастырылған коэффициент 1,2 көлемінде белгіленеді.

9.10. Көлік құралын пайдалану мерзіміне байланысты коэффициенттер келесі көлемде белгіленеді:

№ п/п	Көлік құралын пайдалану мерзімі	Көлік құралын пайдалану мерзіміне байланысты коэффициент көлемі
1.	7 жылды қоса санағанда	1,00
2.	7 жылдан артық	1,10

9.11. «Бонус-малус» жүйесі бойынша коэффициентті есептеу және қолдану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісі арқылы белгіленеді:

9.12. Сақтандыру шарты 12 (он екі) айдан аз уақытқа жасалынған кезде көлік құралының бірлігіне сақтандыру сыйлақысының көлемі келесі формула бойынша есептеледі:

$CC = ЖСС * n / N$, бұл жерде:

СС – он екі айдан аз уақытқа жасалатын сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлақысының көлемі (теңгемен);

ЖСС – жылдық сақтандыру сыйлақысының көлемі (теңгемен);

n – сақтандыру шартын жасаған мерзімі (күндермен);

N – 365 күн (толы жылы 366 күн).

9.13. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайда көлік құралының бірлігіне сақтандыру сыйлақысының мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$CC = ЖСС * K$, бұл жерде:

СС - Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайда, он екі айдан аз мерзімге жасалатын сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлақысының мөлшері (теңгемен);

ЖСС – жылдық сақтандыру сыйлақысының көлемі (теңгемен);

K - Ереженің 9.14-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының аумағында болу мерзіміне байланысты түзету коэффициенті.

9.14. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келу кезеңіне сақтандыру шартын жасасу кезінде мынадай коэффициенттер белгіленеді:

№ п/п	Шет мемлекеттерде тіркелген және Қазақстан Республикасының аумағында уақытша пайдаланылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру кезіндегі сақтандыру мерзімі	Коэффициент
1	15 күнге дейін (қоса алғанда)	0,2
2	16 күннен 1 айға дейін	0,3
3	2 ай	0,4

4	3 ай	0,5
5	4 ай	0,6
6	5 ай	0,65
7	6 ай	0,7
8	7 ай	0,8
9	8 ай	0,9
10	9 ай	0,95
11	10 ай және одан көп	1

- 9.15.** Кешенді шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы көлік құралының бір бірлігі үшін төленеді, сонымен бірге сақтандыру сыйлықақысының көлемі сақтандыру полисінде көрсетілген көлік құралдары үшін белгіленген сақтандыру сыйлықақысы көлемдерінің ең үлкен мөлшеріне тепе-тең болып анықталады.
- 9.16.** Стандартты шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы әрбір сақтандырылушыға қатысты есептеледі және әрбір сақтандырушы бойынша есептелген сақтандыру сыйақы көлемдерінің ең үлкен мөлшеріне тең көлемде сақтанушымен төленуі тиіс.
- 9.17.** Көлік құралдары иелері – Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдар, басқа мемлекеттердің аумағындағы жауынгерлік әрекеттердің ардагерлері, бірінші және екінші топтағы мүгедек адамдар, зейнеткерлер стандартты шарт жасасқан кезде Қағидалардың 9-бөліміне сәйкес есептелген, төленуге тиісті сақтандыру сыйлықақысының елу пайызы мөлшерінде сақтандыру сыйлықақыларын төлейді.
- 9.18.** Егер көлік құралы 9.17-бабында көрсетілген тұлғалар категорияларына жатқызылмайтын басқа да көлік иелерімен пайдаланылатын болса, онда көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мұндай жеңілдіксіз жүзеге асырылады.
- 9.19.** Егер көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында басқаша қарастырылмаса, сақтандыру сыйлықақысын сақтанушы бір жолғы төлеммен жүзеге асырады.
- 9.20.** Сақтандырушы сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлеуді алдын ала белгілеуге құқылы. Сонымен бірге сақтандырушы көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданысының барлық мерзімі барысында сақтанушы алдында жауапкершілікте болады. Сақтанушының кезекті сақтандыру жарнасын төлемей сақтандырушы үшін көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз бола алмайды.

Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін ұсынады.

- 9.21.** Кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемеген кезде сақтанушы сақтандырушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

10. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

10.1. Сақтанушының (сақтандырылушының) құқықтары:

- 1) Сақтандырушыдан көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын, сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап ету;
- 2) дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан дерекқорда сақтандыру шарты және ол бойынша сақтандыру жағдайы (көлік оқиғасы) туралы мәліметтердің болуы туралы ақпаратты сұрату (сақтандыру жағдайы (көлік оқиғасы) жөніндегі мәліметтерді сұрату бойынша осы құқық пайда алушыға да қолданылады);
- 3) Сақтандырушы жүзеге асырған келтірілген залал көлемін бағалау нәтижелерімен және сақтандырушы жүргізген сақтандыру төлемі көлемінің есебімен, соның ішінде сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы танысу;
- 4) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтату (бұл құқық сақтанушыға ғана қолданылады);
- 5) осы Ережелердің 21 бабында көрсетілген ерекшеліктердің есебімен сақтандырушыға, немесе сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сақтандыру омбудсменге немесе сотқа өтініш білдіруге;
- 6) өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберу);
- 7) Заңда белгіленген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға.

- 10.2. Сақтандыру** шарты бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін сақтанушының (сақтандырылушының) басқа да құқықтары қарастырылуы мүмкін.

10.3. Сақтанушының міндеттері:

- 1) сақтандыру шартын жасаған кезде сақтандырушыға өзі туралы, сақтандыру полисіне кіргізілген әрбір сақтандырылушы, көлік құралы (құралдары), қосарлы сақтандыру, көлік құралын мезгілдік пайдалану, Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кіру және сақтандыру

сыйақысының көлемін азайту құқығы туралы, арызға немесе арызда көрсетілген мәліметтерді растайтын қажетті құжаттардың көшірмелеріне қосу үшін қажетті ақпаратты ұсыну;

- 2) сақтандыру шартымен белгіленген көлемде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеу;
 - 3) дереу, бірақ оған көлік оқиғасының және сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгілі болғаннан бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, бұл туралы сақтандыру шартын жасаған сақтандырушыны жазбаша нысанда (қолма-қол не электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу жолымен) хабардар ету. Сақтанушы мен сақтандырылушы бір тұлға болып табылмаған жағдайларда сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар ету жөніндегі міндет сақтандырылушыға жүктеледі. Егер сақтанушының (сақтандырылушының) дәлелді себептермен аталған іс - әрекеттерді орындау мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжатпен растауы тиіс;
 - 4) көлік оқиғасы орын алғанда, жәбірленушілерге және жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органдардың қызметкерлеріне сақтандыру шартын жасаған сақтандырушының атауын хабарлау;
 - 5) көлік оқиғасы орын алған кезде, ықтимал залалдың алдын алу немесе келтірілген залалды азайту үшін қалыптасқан жағдайда орынды және қолжетімді шараларды, сондай-ақ мүлікті құтқару бойынша және жәбірленуші тұлғаларға көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдау;
 - 6) тиісті органдар мен ұйымдарға, олардың құзіретін негізге ала отырып (жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелеріне, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына, жедел медициналық көмек қызметіне, апаттан құтқару қызметіне), көлік оқиғасы мен жәбірленуші тұлғалар туралы хабарлау;
 - 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлік оқиғасына ұрынған кезде шұғыл түрде, уәкілетті лауазымдық тұлғаның жазбаша жолдамасын алғаннан кейін 2 (екі) сағаттан кешіктірмей, психикалық белсенді заттарды қолдану фактісін және мас күйін анықтау үшін медициналық куәландырудан өту;
 - 8) келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз ету.
- 10.4.** Сақтандыру шарты бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін сақтанушының басқа да міндеттері қарастырылуы мүмкін.
- 10.5.** 10.3-тармақтың 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген сақтанушының міндеттемелері көлік оқиғасы болған сәтте көлік құралын тікелей жүргізіп отырған тұлғаға жүктеледі.
- 10.6. Сақтандырушының құқықтары:**

- 1) Сақтандыру шартын жасаған кезде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде қарастырылған мәліметтерге қоса сақтанушыдан Ережелерге сәйкес сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді, беруді талап ету;
 - 2) тиісті мемлекеттік органдардан және ұйымдардан, олардың құзіретін негізге ала отырып, сақтандыру жағдайының болу (көлік оқиғасының орын алу) фактісін және жәбірленушілерге келтірілген залал көлемін растайтын құжаттарды сұрату;
 - 3) көлік оқиғасының себептері мен басқа да жағдайларын анықтау;
 - 4) келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға осы Ережелердің 20-бабында қарастырылған жағдайларда кері талап қою құқығын қою;
 - 5) осы Ережелердің 17-бабында қарастырылған негіздерге сай сақтандыру төлемін толық немесе жартылай төлеуден бас тарту.
- 10.7.** Сақтандыру шарты бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына қайшы келмейтін сақтандырушының басқа да құқықтары қарастырылуы мүмкін.
- 10.8. Сақтандырушының міндеттері:**
- 1) Сақтанушыны (сақтандырылушыны) көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарымен таныстыруға, сақтандыру шартынан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;
 - 2) Көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасағаннан кейін сақтанушыға (сақтандырылушыға) сақтандыру полисін ресімдеу;
 - 3) Ережелердің 9.15-тармағында көрсетілген тұлғаларға сақтандыру сыйақысын төлеу бойынша жеңілдіктер жасау;
 - 4) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғаудың қолданыс кезеңінде жасалған көлік оқиғасы туралы хабардар еткен кезде оны дереу тіркеу және осы көлік оқиғасы бойынша мәліметтерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға ұсыну;
 - 5) көлік оқиғасы туралы хабарлама алған кезде жәбірленушінің немесе жәбірленушінің өліміне байланысты Қазақстан Республикасының заңына сәйкес зиянның өтелуіне құқығы бар тұлғаның жазбаша хабарламасын алған уақыттан бастап кідірмей жұмыс күні ішінде сақтандыру жағдайын растайтын құжат болған жағдайда көлік оқиғасы үшін айыпты болып табылатын сақтанушының (сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәлік құжатында көрсетілген болса), көлік құралын тіркеудің мемлекеттік нөмірі, полистің нөмірі және берілген күні) көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау туралы мәліметтерін жазбаша тапсыру;

- 6) Заңда белгіленген мерзімде және тәртіпте сақтанушының (сақтандырылушының) немесе жәбірленушінің (пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің бағалау өткізу жөнінде берген арызы бойынша мүлікке келтірілген залалды бағалап, залал көлемі туралы есепті пайда алушыға танысу үшін ұсыну;
 - 7) Сақтандыру жағдайының орын алған фактісін және сақтандырушы өтейтін залал мөлшерін растайтын құжаттардың жетіспеу жағдайында оларды алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жетпейтін және (немесе) дұрыс рәсімделмеген құжаттардың толық тізімін көрсете отырып сақтанушыны хабарлау;
 - 8) сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда Ережелерде белгіленген көлемде, тәртіппен және мерзімде тиісті сақтандыру төлемін жүзеге асыру;
 - 9) келтірілген залалды өтеу туралы жазбаша талаппен арыз берген кезде Заңның 26-1-бабында қарастырылған тәртіп бойынша Заңда қарастырылған көлемде, тәртіппен және мерзімде келтірілген залалды өтеу;
 - 10) Сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) сақтандыру шартынан туындаған дауды қарастыруға арыз алған жағдайда сақтанушының (жәбірленушінің, пайда алушының) талаптарын қарастырып, 5 (бес) жұмыс күні ішінде дауды реттеудің кейнігі тәртібін көрсететін жазбаша жауапты беру;
 - 11) Сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсменіне жіберілген арызды алған жағдайда сол арызды, сонымен қатар оған қатысты құжаттарды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсменіне қайта бағыттау;
 - 12) Қағидалардың 13.10-тармағында көзделген ақпаратты алған кезде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайын реттеу жөнінде шаралар қабылдасын;
 - 13) сақтанушыға (сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы орын алған кезде залалдарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығындарын өтеу;
 - 14) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету.
- 10.9.** Сақтандыру шарты бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына қайшы келмейтін сақтандырушының басқа да міндеттері қарастырылуы мүмкін.
- 10.10. Жәбірленушінің құқықтары:**
- 1) көлік оқиғасы нәтижесінде оған сақтанушы (сақтандырылушы) келтірген залал туралы сақтандырушыға хабарлау;
 - 2) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды сақтанушының (сақтандырылушының) орнына жинауға және оларды сақтандырушыға тапсыру;

- 3) кез келген медициналық мекеме қызметін пайдалану;
 - 4) сақтандырушы жүргізген келтірілген залал көлемін бағалау және сақтандыру төлемінің көлемін есептеу нәтижелерімен танысу;
 - 5) жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залал үшін кінәлі тұлғаның Ережелердің 10.8-тармағында қарастырылған тәртіпте аталған тұлғада сақтанушының (сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәлік құжатында көрсетілген болса), көлік құралын тіркеудің мемлекеттік нөмірі, полистің нөмірі және берілген күні) сақтандыру полисінің болуы туралы мәліметтерін сақтандырушыдан жазбаша түрде сұраныс жасау;
 - 6) сақтандыру жағдайын растайтын құжат болған жағдайда сақтанушының (сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәлік құжатында көрсетілген болса), көлік құралын тіркеудің мемлекеттік нөмірі, полистің нөмірі және берілген күні) сақтандыру полисінің бар болуы немесе болмауы туралы мәліметті тапсыру туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға жазбаша сұраныс жасау;
 - 7) сақтандыру төлемін Заң мен осы Ережелерде белгілеген көлемде, тәртіпте және мерзімде алу;
 - 8) Заңның 29-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсменіне немесе сотқа сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін жүгінуге құқылы;
 - 9) Өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсменіне (тікелей сақтандыру омбудсменіне, оның ішінде оның интернет-ресурсына не сақтандырушы, оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберу;
 - 10) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айту;
 - 11) алынған сақтандыру төлемі сомасынан келтірілген залал сомасы артық болған жағдайда көлік құралы иесіне келтірілген залалды өтеу туралы талап қою.
- 10.11.** Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда Ережелердің 10.5-тармағында белгіленген жәбірленуші құқықтары пайда алушылар ретінде саналатын басқа тұлғаларға ауысады.

11. КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛ КӨЛЕМІ МЕН САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН АНЫҚТАУ

- 11.1.** Жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген залал көлемі Заң мен осы Ережелерге сай тиісті ұйымдар берген құжаттар негізінде анықталады.
- 11.2.** Мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындауды сақтандырушы не ол тартқан бағалаушы қызмет көрсету туралы шарттың негізінде

лицензиялық мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдана отырып жүзеге асырады.

- 11.3.** Арнайы бағдарламалық құралға қойылатын талаптар және мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындау тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.
- 11.4.** Сақтандырушы және сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) келтірілген зиянның мөлшерін айқындау туралы өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бүлінген мүлікті қарап тексеруді жүргізу күнін, уақытын және орнын келіседі. Бұл ретте бүлінген мүлікті тексеру көрсетілген өтініш берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізілуге тиіс.
- 11.5.** Егер бүлінген мүлікті тексеру сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) кінәсінен немесе тараптардың еркінен тыс мән-жайлар бойынша жүргізілмесе, сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) келтірілген зиянның мөлшерін айқындау туралы өтінішті сақтандырушыға қайта береді.
- 11.6.** Мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындауды сақтандырушы бүлінген мүлікті қарап тексеру және қарап тексеру актісі жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кеш емес мерзімде жүзеге асырады.
- 11.7.** Егер сақтандырушы осы баптың 11.6-тармағында белгіленген мерзімде келтірілген зиянның мөлшері айқындамаса, сақтанушы (сақтандырылушы) немесе жәбірленуші (пайда алушы) немесе олардың өкілдері бағалаушының қызметтерін пайдалана алады және мүлікті қалпына келтіруді (жоюды) бастайды. Сақтанушы (сақтандырылушы) не жәбірленуші (пайда алушы) немесе олардың өкілдері шеккен бағалаушының қызметтеріне арналған шығындарды сақтандырушы сақтандыру төлеміне қарамастан өтеуге тиіс.
- 11.8.** Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Бапқа сәйкес белгіленген зиян мөлшерінде жүзеге асырады.
- 11.9.** Сақтандырушы пайда алушыға тиесілі сақтандыру төлемінен залал көлемін анықтауға байланысты өз шығындарын ұстауға құқылы емес.
- 11.10.** Сақтандыру жағдайын қасақана туғызу, сондай-ақ сақтандыру төлемін заңсыз алуды көздейтін басқа да алаяқтық әрекеттер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

12. ӨМІРІНЕ, ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЗИЯН КЕЛТІРІЛГЕН ЖӘБІРЛЕНУШІЛЕР БОЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА, КӨЛІК ОҚИҒАСЫ ОРЫН АЛҒАН КЕЗДЕГІ ТАРАПТАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІ.

- 12.1** Өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жәбірленушілер болмаған кездегі көлік оқиғасы орын алған жағдайда оның қатысушылары мүмкіндік болса сақтандырушыларды көлік оқиғасы туралы хабарлаулары керек.
- 12.2** Сақтандырушылар өз өкілдерін көлік оқиғасы болған жерге жіберуге құқылы.
- 12.3** Көлік оқиғасының қатысушыларының орын алған оқиғаның жағдаяттарын бағалауда және мүлікке келтірілген залал елу айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі көлемін анықтауда өзара келісімдеріне сай оқиғаның сызбасын өздері құруға, оған қол қойып, оны рәсімдеу үшін ішкі істер органдарының бөлімшесіне немесе жақын постына баруға құқылы.
- 12.4** Көлік оқиғасының сызбасының құрылу тәртібі мен типтік қалыбы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің нормативтік құқықтық актісімен уәкілетті органмен келісіле отырып белгіленеді.

13. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫН БОЛҒАНЫН ЖӘНЕ КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛ КӨЛЕМІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ. АҚПАРАТТЫҚ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

- 13.1** Сақтанушы (сақтандырылушы) немесе пайда алушы болып табылатын басқа тұлға, пайда алушының мекен-жайын, байланыс телефондарын, банктік реквизиттерін (қажет болған жағдайда), сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса тіркей отырып, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақша немесе банктік шотқа ақша аудару арқылы сақтандыру төлемін алу тәртібін көрсете отырып, жазбаша түрде сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап қояды.
- 13.2** Өтініш беруші сақтандырушының талап етуі бойынша сақтандырушыға рұқсаты бар мемлекеттік органдардың дерекқорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттарды қоспағанда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндетті.
- 13.3** Сақтандыру төлемі туралы арызға келесі құжаттар тіркеледі:
- 1) сақтандыру жағдайының болу фактісін және жәбірленушілерге келтірілген залал көлемін растайтын құжат;
 - 2) жәбірленушінің өміріне, денсаулығына залал келтіру фактісі орын алған жағдайда жәбірленушінің уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімі туралы денсаулық қорғау ұйымы анықтамасының көшірмесі немесе жәбірленушінің *мүгедектігі анықталған жағдайда* – жәбірленушінің мүгедектігі анықталғаны туралы арнайы мекеменің анықтамасы;

- 3) нотариалдық түрде куәландырылған жәбірленушінің өлімі туралы куәліктің көшірмесі;
 - 4) пайда алушының зиянның өтелуіне құқығын растайтын құжат (көшірмесі);
 - 5) Ережелердің 11.4 және 11.5-Ережесін қарастырылған жағдайда келтірілген залал көлемін анықтау туралы арыз;
 - 6) пайда алушының жеке куәлігінің көшірмесі (жеке тұлға үшін) немесе заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхат түпнұсқасы;
 - 7) сақтандыру жағдайы орын алған кезде залалдың алдын алу немесе оны азайту мақсатында сақтанушы (сақтандырылушы) көтерген шығындарды растайтын құжаттар – *егер олар бар болса*.
- 13.4** Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары көлік оқиғасына қатысушыларға не олардың өкілдеріне, сондай-ақ сақтандырушыға, сақтандыру омбудсманына олардың сұрау салуы бойынша сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін, сондай-ақ көлік оқиғасы болған жерден жасырынған адамның жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру жағдайын растайтын құжаттарды, оның ішінде хаттаманың көшірмесін береді оқиға схемасымен жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы.
- 13.5** Көлік оқиғасы мен оның салдары туралы ақпараты бар ішкі істер органдары, прокуратура органдары, соттар, денсаулық сақтау ұйымдары, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар осы ақпаратты сақтандырушыға, сақтандыру омбудсманына және Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына олар өтініш жасаған кезде және (немесе) электрондық ақпараттық ресурстармен алмасқан кезде беруге міндетті.
- 13.6** Сақтанушының (сақтандырылушының), жәбірленушінің немесе олардың мұрагерлерінің көлік оқиғасының басталғаны туралы хабарлауы мүмкін болмаған кезде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелері осы көлік оқиғасы туралы сақтандырушыны хабардар етуді жүзеге асырады.
- 13.7** Қағидалардың 13.4, 13.5 және 13.6-тармақтарында көрсетілген ақпараттық өзара іс-қимыл түрлері сақтандыру бойынша бірыңғай деректер базасы арқылы электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу жолымен жүзеге асырылады.
- 13.8** Кеден ісі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау және күзету саласындағы уәкілетті органдар және өзге мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген (әкелінген) көлік құралдары туралы мәліметтерді ақпараттық алмасу жүйесі арқылы дерекқор құру және жүргізу ұйымына ұсынады.
- 13.9** Көлік оқиғасы нәтижесінде жәбірленушінің өміріне зиян келтіру жағдайлары туралы ақпарат алу мақсатында Құқықтық статистика және

арнайы есепке алу саласында статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган мен дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы жүзеге асырылады.

- 13.10** Пайда алушыны айқындау және өтініш берушінің қайтыс болған адаммен туыстық қатынастарын растайтын мәліметтерге қол жеткізуді ұсыну мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осындай ақпараты бар базаны иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын іске асыратын мемлекеттік органның дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйыммен ақпараттық өзара іс-қимылы жүзеге асырылады.
- 13.11** Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым Қағидалардың 13.8 және 13.9-тармақтарында көрсетілген ақпаратты осы көлік оқиғасының қатысушысымен сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушыға жібереді.
- 13.12** Сақтандырушының сақтанушыдан (сақтандырылушыдан) не жәбірленушіден 13.3-тармақта көзделмеген қосымша құжаттарды талап етуі. Ақпараттық жүйелер мен сервистер арқылы қолжетімді қағидаларды және (немесе) құжаттарды ресімдеуге жол берілмейді.
- 13.13** Құжаттарды қабылдап алған сақтандырушы арыз беруші тапсырған құжаттардың толық тізімін және оларды қабылдап алу күнін көрсете отырып екі данада анықтама дайындауы тиіс. Егер сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандырушыға сақтандыру төлемі бойынша арызды электронды түрде жіберсе, сақтандырушы осы анықтаманы оған электронды түрде беруге құқылы.
- 13.14** Арыз беруші сақтандырушыға жеке өтініш жасаған жағдайда анықтаманың бір данасы арыз берушіге беріледі, ал арыз берушінің оны алуы туралы белгісі бар екінші дана сақтандырушыда қалдырылады.

14. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ КӨЛЕМІН АНЫҚТАУ

- 14.1** Сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемі (сақтандыру сомасы) (сақтандыру төлемін жүргізетін күн бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес белгіленген айлық есептік көрсеткіш бойынша) төмендегілерді) құрайды:
- 1) әрбір жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына келтірілген залал үшін және өлімге әкеп соқтырған – 2000 (екі мың);
мүгедектік анықталған кезде:
I топ – 1600 (бір мың алты жүз);
II топ – 1200 (бір мың екі жүз);

III топ – 500 (бес жүз);
мүгедек бала – 1000 (бір мың).

- мүгедектік берілмеген жағдайдағы мертігу, жарақат алу немесе денсаулыққа келтірілген басқа да зақым кезінде – амбулаторлық және (немесе) стационарлық емделуге кеткен нақты шығындар көлемінде, бірақ 300-ден (үш жүзден) артық емес.
- 2) бір жәбірленушінің мүлкіне келтірген залал үшін – келтірілген залал көлемінде, бірақ 600-ден (алты жүзден) артық емес;
- 3) бір уақытта екі не одан да көп жәбірленушінің мүлкіне келтірілген залал үшін – келтірілген залал көлемінде, алайда әрбір жәбірленушіге 600-ден (алты жүзден) артық емес. Сонымен қатар барлық жәбірленушілерге төленетін сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі 2000-нан (екі мыңнан) артпауы тиіс. Егер залал көлемі сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен артық болса, әрбір жәбірленушіге сақтандыру төлемі оның мүлкіне келтірілген залал дәрежесіне мөлшерлей отырып жүзеге асырылады.

14.2 Егер иелерінде көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бар бірнеше көлік құралы бір тұлғаға залал келтірген болса, пайда алушы олардың әрқайсысы бойынша жеке сақтандыру төлемін алуға құқылы. Әрбір сақтандырушы Заңда белгіленген жауапкершілік мөлшерінің шегінде және сақтанушы жауапкершілігі көлеміне мөлшерлес түрде сақтандыру төлемін жүзеге асырады. Сонымен қатар барлық сақтандырушылар жүргізген сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы жәбірленушіге келтірілген нақты залалдың көлемінен және әрбір сақтандырушыға қарастырылған жауапкершіліктің шекті мөлшерінен артық болмауы тиіс.

14.3 Сақтанушы (сақтандырылушы) залалды болдырмау немесе азайту мақсатында көтерген шығындар сақтандырушымен өтелуі тиіс, егер мұндай шығындар қажетті болса немесе сақтандырушының нұсқаулыған орындау үшін жасалынған болса, тиісті шаралардың сәтсіз болуына қарамастан.

Мұндай шығындар нақты мөлшерде өтеледі, сонымен бірге сақтандыру төлемі мен шығындар өтемінің жалпы сомасы көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан артпауы тиіс. Егер шығындар сақтанушының сақтандырушының нұсқаулықтарын орындау барысында орын алса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз толық көлемде өтеледі. Көрсетілген шығындарды сақтандырушы оларды көтерген тұлғаға тікелей төлейді.

14.4 Келтірілген залалды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жеткіліксіз болса сақтанушы жәбірленушіге сақтандыру сомасы мен нақты шығын көлемі арасындағы айырмашылықты толық өтеп береді.

- 14.5** Жәбірленуші қаза болған жағдайда жәбірленушіні жерлеуді жүзеге асырған тұлғаға сақтандырушы 100 (бір жүз) айлық есептік көрсеткіш көлемінде жерлеуге кеткен шығындарын төлеп береді.

15. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

- 15.1** Жәбірленуші (ол қайтыс болған кезде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жәбірленушінің өлімімен байланысты келтірілген залалды алуға құқылы тұлға), сонымен қатар жәбірленушіге (келтірілген залалды қайтару құқығы бар тұлғаға) Заң мен осы Ережелерде бекітілген сақтандырушы жауапкершілігінің көлемі шегінде келтірілген залалды өтеген және сақтандыру төлемін алуға құқылы болған сақтанушы немесе басқа да тұлға пайда алушы болып танылады.
- 15.2** Мүлікке залал келтірілгенде жәбірленуші болып мүліктің меншік иесі мойындалады, ал оның өлімі жағдайында – залалдың өтелуіне құқығы бар тұлғалар.
- 15.3** Жазбаша ресімделген жәбірленушінің арызы немесе нотариалдық түрде куәландырылған сенімхат бойынша сақтандыру төлемі денсаулықты және (немесе) мүлікті қалпына келтіру бойынша оған қызмет көрсеткен (көрсетіп жатқан) тұлғаға тікелей жүзеге асырыла алады.
- 15.4** Жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген залал үшін сақтандыру төлемі басқа сақтандыру шарттары бойынша оған (залалдың өтелуіне құқығы бар тұлғаларға) тиесілі сомаларға тәуелсіз жүзеге асырылады.
- 15.5** Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде пайда алушыдан сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауды талап етуге құқығы жоқ.
- 15.6** Сақтандырушы аталған мүліктің сақтандыру жағдайы болған күнге сай келетін нарықтық құны көлемінде сақтандыру төлемін жүзеге асырған жағдайда, оның мүлікке немесе оның қалдықтарына құқығы бар.
- 15.7** Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісі болмаған жағдайда сақтандырушы ішкі істер органдары ұсынған оқиғаның сызбасы бар жол жүру ережесінің бұзылғандығы туралы хаттама негізінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға құқылы.
- 15.8** Сақтандырушы Ережелердің 13.1 - 13.3-тармақтарында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

- 15.9** Бірнеше жәбірленушінің мүлкіне залал келтірілген жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемін барлық жәбірленушілердің құжаттарын алғаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде төлей бастауы керек, бірақ сақтандырушыға құжаттарын бірінші болып тапсырған жәбірленушінің құжаттарын алғаннан кейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кеш емес, басқа сақтандырушылардың құжаттарын тапсыруына байланыссыз.
- 15.10** Егер сақтандыру жағдайына әкеп соқтырған оқиға нәтижесінде жәбірленушінің денсаулығы едәуір нашарласа (мүгедектік немесе мүгедектіктің жоғары тобы анықталса) немесе қаза болса, онда сақтандырушы жәбірленушіден (пайда алушыдан) түскен арыз және тиісті құжаттар негізінде Ережелерде белгіленген тәртіппен және мөлшерде сақтандыру төлемі сомасына қайта есептеу жүргізуі тиіс. Сонымен бірге сақтандыру төлемінің сомасына қайта есептеу жүргізілген кезде алдыңда төленген сомалар да есепке алынады.
- 15.11** Сақтандыру төлемін уақытылы жүргізбеген жағдайда сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлеуі тиіс.
- 15.12** Егер иелерінде көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бар бірнеше көлік құралы бір тұлғаға залал келтірген болса, пайда алушы олардың әрқайсысы бойынша жеке сақтандыру төлемін алуға құқылы. Әрбір сақтандырушы Заңда белгіленген жауапкершілік мөлшерінің шегінде және сақтанушы жауапкершілігі көлеміне сәйкестей отырып сақтандыру төлемін жүзеге асырады. Сонымен қатар барлық сақтандырушылар жүргізген сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы жәбірленушіге келтірілген нақты залалдың көлемінен және әрбір сақтандырушыға қарастырылған жауапкершіліктің шекті мөлшерінен артық болмауы тиіс.

16. ТІКЕЛей РЕТТЕУ

- 16.1** Көлік оқиғасы орын алған кезде, жәбірленуші немесе жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқығы бар адам келтірілген зиянның өтемін алу үшін көлік оқиғасы болған адамның кінәсінен сақтандыру шарты болған жағдайда, жәбірленушінің жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша сақтандырушыға хабарласуға құқылы.
- 16.2** Залал келтірілген мүлік иесі болып табылмайтын жәбірленуші осы Ережелерде қарастырылған тәртіппен сақтандыру жағдайының орын алғаны үшін кінәлі тұлғаның сақтандырушысына өтініш береді.

- 16.3** Сақтандырушы осы Ережелердің 13.3-тармағының 1) – 6) тармақшаларында қарастырылған құжаттарды алғаннан кейін сақтандыру төлемін жеті жұмыс күні ішінде жүргізеді.
- 16.4** Сақтандырушының тікелей реттеу аясында жәбірленушінің өмірі, денсаулығы және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеуді жүзеге асырғандығы ол үшін жәбірленушімен жасаған көлік құралы иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты және сақтандыру төлемі бойынша міндеттердің орындалуы болып табылмайды.
- 16.5** Сақтандыру жағдайын реттеген сақтандырушыға сақтандыру жағдайына кінәлы болған тұлғаның сақтандыру компаниясы нақты төленген соманы қайтарады.
- 16.6** Тікелей реттеуді жүзеге асыру тәртібі және талаптары Заңда, уәкілетті орган белгілеген тікелей реттеуді жүзеге асыру Ережелерінде және осы Ережелерде белгіленеді.

17. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

- 17.1** Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушы сақтанушыға (сақтандырылушыға) келесі жағдайларда жүргізілген сақтандыру төлемі шегінде кері талап қоюға құқылы:
- 1) сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі, қажетті қорғаныс жағдайында немесе аса қажеттілікпен жасалған іс-әрекетті есептемегенде, сақтандыру жағдайын туғызуға бағытталған немесе оның орын алуына ықпалын тигізген қасақана іс-әрекеті салдарынан орын алғанда;
 - 2) сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі алкогольден, есірткіден немесе уытқұмарлық мастану жағдайында көлік құралын жүргізу салдарынан орын алғанда;
 - 3) көлік құралын жүргізіп келе жатқан тұлғаның көлік оқиғасы болған кезде оны жүргізуге құқығы болмағанда;
 - 4) соттық іс қарау кезінде сақтандыру жағдайы көлік құралының сақтанушы (сақтандырылушы) білген немесе білуі керек болған техникалық ақаулықтары салдарынан орын алғаны белгілі болғанда;
 - 5) көлік құралын оның техникалық сипаттамасына сай келмейтін мақсатта қолданғанда;
 - 6) сақтанушы (сақтандырылушы) сақтандыру жағдайынан болған залалды азайту бойынша әдейі ешқандай шара қолданбағанда;
 - 7) бұл факт зардап шеккен адамға медициналық көмек көрсетумен байланысты болған жағдайды қоспағанда, көлік құралын жүргізген тұлға өзі қатысушы болған көлік оқиғасы орнынан кетіп қалғанда;

- 8) көлік құралын жүргізген және психикалық белсенді заттарды қолдану фактісі мен мастану жағдайын анықтау үшін куәландыруға жіберілген тұлға дәлелді себепсіз мұндай куәландырудан өткен жоқ болса.
- 17.2** Егер 17.1-тармақта аталған жағдайларда. Келтірілген зиянның кінәсі Қағидалардың 7.4-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген тұлға болып табылады, сақтандырушының сақтанушыға (сақтандырылушыға) кері талап қою құқығы бар.
- 17.3** Сақтандыру нәтижесінде сақтандырушы өтеген залал үшін жауапты тұлғаға сақтанушы (сақтандырылушы) қоя алатын кері талап құқығы сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға өзі төлеген сомасы шегінде ауысады. Сонымен бірге сақтандыру жағдайы автокөлік жолдарын және ондағы құрылыстарды қанағаттанарлықсыз күтумен байланысты жол жағдайлары себебінен орын алғандығы анықталған болса, көлік құралы иесі мұндай жағдайдың қалыптасуына кінәлі тұлғаға қоя алатын талап құқығы сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға ауысады.

18. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БОСАТУ ҮШІН НЕГІЗДЕМЕ

- 18.1** Егер сақтандыру жағдайы төменде көрсетілген жағдайлар салдарынан орын алса, сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден толық немесе жартылай бас тартуға құқылы:
- 1) қажетті қорғаныс жағдайында немесе аса қажеттілікпен жасалған іс-әрекетті есептемегенде, сақтандыру жағдайын туғызуға бағытталған немесе оның орын алуына ықпалын тигізген пайда алушының қасақана іс-әрекеті;
 - 2) сақтандыру жағдайымен себеп-салдарлық байланысы бар, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері белгілеген тәртіпте қасақана қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған Пайда алушының іс-әрекеті.
- 18.2** Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына төменде көрсетілгендер де негіз бола алады:
- 1) пайда алушының келтірілген залал үшін кінәлі тұлғадан сақтандыру бойынша тиісті өтемақыны алуы;
 - 2) сақтанушының (сақтандырылушының) көлік құралын жарыстарда, байқауларда және автокөлік жүргізуді үйретуге арналған арнайы орындарда жүргізуді үйрету кезінде пайдалануы;
 - 3) көлік құралын тиеу немесе түсіру кезінде оған залал келуі;
 - 4) жәбірленушінің ақша, құнды қағаздар, алтын, күміс бұйымдары, зеңгерлік бұйымдары, әшекейлері, өнер туындылары немесе басқа да құнды заттары түріндегі мүлкіне залал келуі;

- 5) жәбірленушінің Қағидалардың 11.4-тармақтарының талаптарын бұзуы жатады.
- 18.3** Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер болған кезде, сақтандырушы өтінішті және барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге бас тарту себептерін дәлелді негіздеп және сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына арыздану құқығын хабарлай отырып, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.
- 18.4** Егер сақтандыру жағдайы төмендегілерге байланысты орын алса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізуден босатылады:
- 1) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті зақым әсері;
 - 2) соғыс қимылдары;
 - 3) азаматтық соғыс, әр түрлі нысандағы халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдер.
- 18.5** Сақтандыру полисінде көрсетілген зақымдалған көлік құралы үшін сақтандыру төлемі жүргізілмейді.
- 18.6** Сақтандырушының осы бапта қарастырылмаған негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

19. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ ЖӘНЕ АУМАҒЫ

- 19.1** Сақтандыру шарты шартта көрсетілген мерзімнен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болады.
- 19.2** Көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап 12 (он екі) ай мерзіміне жасалады.
- 19.3** Көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты келесі сәтте жасалуы тиіс:
- 1) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықаралық қозғалыста жүрген көлік құралдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуі;
 - 2) жеке немесе заңды тұлғада көлік құралын иелену құқығының туындауы, бірақ осы көлік құралын жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) сәтінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей.
- 19.4** Сақтандыру шартын Ережелердің 19.2-тармағында көрсетілген мерзімнен басқа мерзімге жасауға рұқсат беріледі:
- 1) көлік құралын маусымдық пайдалану кезінде, алайда 6 (алты) айдан кем емес уақытта;

- 2) осы Ережелердің 3.1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жағдайларда көлік құралын мемлекеттік тіркеу алдындағы мерзімге, бірақ 5 (бес) күнтізбелік күннен аз емес;
 - 3) көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген жағдайда уақытша кірудің барлық мерзіміне, бірақ 5 (бес) күнтізбелік күннен аз емес.
- 19.5** Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шартта басқаша ескерілмесе, сақтандыру шартының қолданысы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

20. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОҚТАТУ

- 20.1** Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын төмендегі жағдайларда тоқтатылады,
- 1) Шарттың қолданыс мерзімінің аяқталуы;
 - 2) Шартты мерзімінен бұрын тоқтату.
- 20.2** Көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандыру төлемі жүргізілген жағдайда күшін жоймайды.
- 20.3** Сақтандыру шартын мерзімінен бұрны тоқтату үшін сақтанушы (сақтанушы қаза болған жағдайда – оның мұрагері (мұрагерлері)) сақтандырушыға жазбаша арыз береді.
- 20.4** Сақтанушы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде және көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың жаңа шартын бұрынғы сақтандырушымен жасайтын болса келесі формула бойынша есептелетін сақтандыру сыйақысының бір бөлігін қайтарып алуға құқылы:
- ССБ = $CC * n/N$, бұл жерде
- ССБ – сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);
- СС – сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысының көлемі (теңгемен);
- n – сақтандыру шарты күшіне енген кезеңнен бастап оны уақытынан бұрын тоқтатқанға дейін өткен мерзім (күнмен есептегенде), өтініш беру күнін қосқанда;
- N – сақтандыру шарты жасалған мерзім (күнмен есептегенде).
- 20.5** Ережелердің 20.4. тармағында қарастырылған шарттар орындалмаған жағдайда сақтанушы сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған болса сақтандыру сыйақысының бір бөлігінің келесі көлемде қайтарылуына құқығы бар:

№ п/п	Шарт күшіне енген кезеңнен бастап оны мерзімінен бұрын	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйақысының
----------	---	--

	тоқтатқанға дейін өткен мерзім (сақтандыру шарты жасалған мерзімнен пайызбен)	көлемі (сақтандыру шарты бойынша төленген жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайыз көлемінде)
1	15 күнге дейін қоса алғанда	15
2	10 күннен 1 айға дейін қоса алғанда	20
3	1-ден 2 айға дейін қоса алғанда	30
4	2-ден 3 айға дейін қоса алғанда	40
5	3-тен 4 айға дейін қоса алғанда	50
6	4-тен 5айға дейін қоса алғанда	60
7	5-тен 6 айға дейін қоса алғанда	70
8	6-дан 7 айға дейін қоса алғанда	75
9	7-ден 8 айға дейін қоса алғанда	80
10	8-ден 9 айға дейін қоса алғанда	85
11	9-дан 10айға дейін қоса алғанда	90
12	10-нан 11 айға дейін қоса алғанда	95
13	11 айдан астам	100

21. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ ЖАСАСУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫН РЕТТЕУ ТӘРТІБІ

- 21.1.** Электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы электронды нысанда сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу үшін сақтандырушының интернет-ресурсы және (немесе) ақпараттық жүйесі пайдаланылады.
- 21.2.** Сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу және сақтандыру жағдайын реттеу үшін өтініш берген кезде сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық жасақтаманы пайдалану талап етілмейді.
- 21.3.** Сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу үшін электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.
- 21.4.** Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, Сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде сақтандырушы:
- 1) сақтанушыға сақтандыру шартын жасасу не одан бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы электрондық хабарламаны дереу жөнелтуді;
 - 2) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен электрондық хабарлама түрінде сақтанушыны (сақтандырылушыны) реттеу үшін құжаттарды қабылдаудан бас

тартуды (бас тарту себептерін көрсете отырып) қоса алғанда, сақтандыру жағдайын реттеу процесінің негізгі кезеңдері туралы хабардар етуді;

- 3) сақтанушының (сақтандырылушының) Сақтандырушының интернет-ресурсында жасалған сақтандыру шарты бойынша ақпаратты тексеру мүмкіндігін;
- 4) Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, электрондық нысанда сақтандыру шартын және ол бойынша сақтандыру жағдайы жөніндегі ақпаратты сақтауды;
- 5) сақтанушыға (сақтандырылушыға, пайда алушыға) төмендегі әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты (өтініштерді, хабарламаларды және (немесе) өзге де құжаттарды, мәліметтерді) электрондық түрде құру және сақтандырушыға жіберу мүмкіндігін қамтамасыз етеді:
 - сақтандыру шартын жасасу;
 - сақтандыру шартын қайта жасасу, мәліметтерді өзгерту;
 - сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу;
 - сақтандыру жағдайының (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғаның) басталғаны туралы хабарлау;
 - келтірілген зиянның мөлшерін анықтау;
 - сақтандыру төлемін алу;
- 6) -сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу туралы хабарлама дерекқорын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі.
- 7) Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу арқылы төлейтін жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап жасалған болып есептеледі.
- 8) Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы (сақтандырылушы) немесе пайда алушы ретіндегі өзге тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы ұсынады.
- 9) Сақтандырушы тәулік бойы сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, сақтандыру шарттарын жасасу және олар бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

- 10) Сақтандыру агенттерінің сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы электрондық нысанда сақтандыру шарттарын жасасуға арналған сақтандыру ұйымдарының ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, сақтандыру шарттарын жасасу бойынша қызметіне жол берілмейді;

22. ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

- 22.1.** Сақтандыру шартынан дау туындаған жағдайда сақтанушы (үшінші тұлға, пайда алушы):
- 1) сақтандырушыға (соның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) талаптар көрсетілген және оның талаптарын растайтын құжаттар қоса тіркелген жазбаша өтінішті жолдауға не болмаса
 - 2) “Сақтандыру қызметі туралы” Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсменіне (тікелей сақтандыру омбудсменіне , оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, сонымен қатар оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) немесе сотқа өтініш жолдауға құқылы.
- 22.2.** Сақтанушы (үшінші тұлға, пайда алушы) сақтандыру омбудсменіне жүгінген жағдайда, сақтандырушы сақтанушының, үшінші тұлғаның (пайда алушының), сақтандыру омбудсменінің сұрауы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттар сұралған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде беруге міндетті.
- 22.3.** Сақтандырушы сақтанушыдан (үшінші тұлғадан, пайда алушыдан) өтініш алған кезде бес жұмыс күні ішінде оны қарап, дауды әрі қарай реттеу тәртібін көрсетіп жазбаша жауап береді.
- 22.4.** Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы), сондай-ақ сақтандырушы сақтандыру омбудсменінің шешімін алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа жүгінуге құқылы. Бұл ретте сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) үшін сақтандыру омбудсменінің шешімін орындау міндетті емес.